

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 261 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 1255 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.

2. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22 N 607 қаулысымен.**

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 6 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22 N 607 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 6 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22 N 607 қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.12.2014 № 1315 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған басым іс-шараларының жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 176 қаулысында:

1) 2 және 3-тармақтардағы "Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес" деген сөздер "Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-тармақ алынып тасталсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған басым іс-шараларының жоспарында:

"ӘдМ НЕҚК", "ДСА" және "МАКМ" деген сөздер "ІІМ", "ДСМ" және "Ақпаратмині" деген сөздермен ауыстырылсын.